

«Астана» мұз сарайы



«Астана» Мұз сарайын Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев 2003 жылы 16 қазанда салтанатты түрде ашты. «Астана» мұзды сарайының ең көрікті кешені – мұз алаңы. Оның көлемі 1830 шаршы метр. Бұл шайбалық хоккей жарысына, мәнерлеп сырғанау және мұз ойын сауықтарын биік деңгейде өткізуіне мүмкіндік береді. Осы жердің трибунасы үш мыңға жуық көрермендерге дейін сыйдырады.

Ең бастысы – мұз алаңы – жасанды мұз, қажет болғанда полимерлік партофлормен жабылып, спорт залына айналдыруға болады: залда баскетбол, волейбол және т.б жарыстарын өткізуге болады. Тәулік бойы жұмыс істейтін тоңазыту қондырғысы бөлменің ауасын ерекше таза және салқын жасайды. Мұзды тегістеу және тазалау үшін арнайы машинасы бар. Содан басқа ерлер мен әйелдерге арналған екі жаттығу залы бар. Фитнес клубы, сауна, алты теннистік үстелі, буфет, спорттық киім дүкені бар. Спорт-сауық кешені қаламыздың архитектуралық ерекшелігі болып қала тұрғындарының демалатын ең сүйікті орнына айналды.

Әдебиеттер:

Тастемханов, Ө. Елбасы - Павлодарда: [ҚР Президенті Н. Назарбаев жұмыс сапармен болып Павлодар қаласында «Астана» Мұз сарайын ашты] / Ө.Тастемханов // Сарыарқа самалы. – 2003. - 18 қазан. - 1 - 2 б.

Достық үйі

1 Май көшесі, 35/1



2008 жылдың күзінде Павлодар қаласында Достық үйі ашылды. Ашылу салтанатына ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаев қатысты. Сол күні Елбасы өз сөзінде былай деді: «Біз үшін достық бос сөз емес. Біз көпұлттық елде тұрамыз. Павлодар облысында ғана жүзден астам ұлттар тұрады. Біздің елімізде мектептер көп тілде жұмыс істейді, Бұқаралық ақпарат құралдары- он бір тілде, театрлар алты тілде. Бізде 4500 ұлттық-мәдени орталықтар бар. Барлығы жиналған кезде бір қауымдастықты құрайды, бұл қауымдастық Ата Занда Қазақстан халқы деп аталады». «Алдымызда – қызықты өмір...». Дәл осындай Достық үйі Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмыс атқаруы үшін, Достық сарайы ретінде салынған ғимарат, еліміздің бір де бір қаласында жоқ. Ашылуы кезінде ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаев этномәдени бірлестіктерінің басшыларымен конференция залында кездесті. Достық сарайында Павлодар облысының Қазақстан

халқы Ассамблеясы барлық он тоғыз орталықтары өз бөлмелерімен және жастар қанаты ассамблеясы, ұлттық қайта өрлеу мектебі, «Қазақ тілі» қоғамдық бірлестігі, «Ана тілі» мемлекеттік тіліне үйрету облыстық орталығы орналасқан. Бұл құрылымдардың жұмыстары өзара байланысты.

Сарайдың бірінші қабаты толықтай әкімшілік. Достық үйінде 120 орынға мәжіліс залы және 300 орынға арналған концерттік залы орналасқан. Достық сарайында екі компьютерлік сыныбы, 80 орынға арналған кафесі және репетициялық залы бар. Ұлттық әдебиет кітапханасы жұмыс істейді.


Әр ұлт орталығында өз кабинеттері бар. Жастар ассамблеясының да өз кеңселері бар. Ұлттық қайта өрлеу мектебінде 600-ге жуық балалар оқиды.

Достық үйі ашылғалы Павлодар облысының Қазақстан халқы Ассамблеясының және этномәдени бірлестіктерінің шығармашылық жоспарларында да көп жаңа өзгерістер пайда болды: жаңа жобалар, ұжым жұмысының жаңа жобалары, жаңа идеялар. Осында этномәдени бірлестіктердің мәдениет, тіл, салт-дәстүр саласында жоспарларын жүзеге асыруларына барлық жағдай жасалған.

Әдебиеттер:

Быкай, Ф. Достығы, татулығы берік өркенді өндірісті: [Елбасы Н.Назарбаев жұмыс сапарымен Павлодар облысында болып, облыстың жаңа басшысын таныстырды, энергетикалық мәселелерге байланысты кеңес өткізіп, Достық үйін ашу салтанатына қатысты / Быкай // Егемен Қазақстан. – 2008. – 1 қазан. – 1 – 2 б.

«Достық» концерттік залы



С. Торайғыров көшесі, 48

20 ғасырдың екінші жартысының архитектуралық ескерткіші, С. Торайғыров көшесінің 50-60-шы жылдардың тұрғын үйінде орналасқан.

Ғимарат 1957 жылы салынған. Павлодар қаласындағы бірінші кең экранды кинотеатр. Ғимаратың бастапқы келбеті өзгерген. Бір кездері кинотеатрдың ғимаратында славян мәдени орталығы орналасты.

Екі қабаттық кірпіш ғимараты биік төледе орналасқан. Діңгектің кіре беріс арка күмбезінің астында жапсырылған композициясымен «1957» датасы орындалған.

Ішкі көрінісі классикалық тақырыбында гипс жапсырылғымен безендірілген. Қазіргі уақытта «Достық» концерттік залы орналасқан.

Әдебиеттер:

Соколкин, Э.Д. [«Достық» концерттік залы] // Соколкин, Э.Д. Қаламыздың көшелері / Улицы нашего города. / Э.Д. Соколкин – Павлодар, 2007. – С. 386.

"Ertis-cinema" кинотеатрі



Бектұров көшесі,70

"Ertis-cinema" кинотеатрі

Кинозалдың сыйымдылығы 346 отыратын орынды құрайды. Испанияда өндірілген ыңғайлы жұмсақ креслолар попкорн мен сусындарға арналған сүйеніштермен жабдықталған. Dolby Digital Surround EX жетілген дыбыс жүйесі сіздерге фильмді терең сезінуге көмектеседі. Кинотеатрда Германияда өндірілген "KINOTON" киножабдығы қондырылған.

«Қазақстан» қонақ үйі



Ак. Сатпаев көшесі,71

Қонақ үй ғимараты ак. Сатпаев көшесі,71 (бұрынғы Дзержинский к-сі), және Естай (бұрынғы Бебель к-сі) көшесінің қиылысында орналасқан. Троицк соборының күзетшісінің үйі 1937 жылы құлатылды, соның орнына 1957 жылы қонақ үйі салынды. 2005 жылы қонақ үйінің жөндеу жұмыстарынан кейін оның кіреберісіне тастан жасалған екі арыстанның мүсіні орнатылған.

«Қазақстан» қонақ үйі 50-60-шы жылдардағы қонақ үйлердің ғимарат үлгісі болып табылады – бұл төрт қабаттық кірпіш ғимарат. Қонақ үйдің басты қасбеті симметриялық композицияны құрайды: бас есіктің орталық бөлігі екіншіден төртінші қабатқа дейін пилястралармен бөлінген, үстіңгі жағы аттикпен ұсталып тұр, сол жерде қонақ үйдің атауы жазылған.

Әдебиеттер:

Соколкин,Э.Д. [«Қазақстан» қонақ үйі] // Соколкин, Э.Д. Қаламыздың көшелері / Улицы нашего города. / Э.Д. Соколкин – Павлодар, 2007. – 321 б.

Қазақ тілінің мәртебесін арттыру: [2013 ж. 27 ақпанда облыс тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы Павлодар қаласы қонақ үйлері басшыларының қатысуымен отырыс өткізді]
// Шаһар. – 2013. – 1 наурыз. – 2 б.



М. Катаев атындағы Оқушылар сарайы



М.Катаев атындағы Оқушылар сарайы – 20 ғасырдың архитектуралық ескеркіші, 1 Май және Қайырбаев көшесінің қиылысында орналасқан. Оқушылар сарайы 1978 жылы коммунистік сенбіліктер қаражатына салынған. (сәулетші Г. В. Гальченко). Арнайы салынған үш ғимараттық кешен Қазақстанда бірінші қосымша білім беру мемлекеттік мекемесі болды. Кешен 500 орынға арналған 24 оқу бөлмесін, 12 зертхананы, кітапхана, компьютерлік сыныптар, 400 орынға арналған үлкен театрлық залын, 150 орынға арналған шағын дәрістік залын, екі мұражай, стадионды сыйдырады.

Ғимараттың классикалық пішіні шыны және бетон контрастында 70-ші жылдардың индустриялық стильді

архитектурасында орындалған.

Оқушылар сарайы галереямен біріккен үш корпуста тұратын күрделі ғимарат нысаны болып табылады. Ғимараттың құрылысы обсерватория мұнарасымен аяқталады. Мұнараның шетіне галерея арқылы су алабы тұтасады.



Әдебиеттер:

Шодыр, Н. Таланттарға қақтырған: М. Катаев атындағы облыстың Оқушылар сарайына – 30 жыл / Н. Шодыр // Сарыарқа самалы. – 2008. – 11 қараша. – 3 б.

Орталық пошта ғимаратының сағат мұнарасы



Сағат мұнарасы Павлодар қаласының символы болып саналады. Осы сағат бойынша бүкіл қала уақыттарын салыстырады. Төрт циферблат Павлодар облыстық «Қазпошта» АҚ филиалының ғимаратында пайда болды. Олар әлемнің әр жақтарына қарайды. Әрбір циферблат-қабырғасының ішкі жағында арнайы үстелдерде екі тілімен жай электрондық сағат орналасқан: олардың бірінде уақыт жүріп тұрса, екіншісінен сыртқы тілдерге импульстер жіберіледі. Минуттық тіл -18 кг, сағат тілі – 12 кг тартады. Циферблат графитті тілімнен істелген, бояуды қажет етпейді. Мұнараның астыңғы жағы плиткамен қапталған.

Әдебиеттер:

Орталық пошта ғимаратының сағат мұнарасы // Сарыарқа самалы МаржаныЕртістің Павлодар өңірі / Павлодарское Прииртышье Жемчужина Сарыарки / Pavlodar Priirtshe Is a pefrl of Saryarka. – 2008. – 72 – 73.

Өзен вокзалы /1960 ж./



Ак. Шокин көшесі, 1

«Чайка» қонақ үйімен Өзен вокзалы Ертіс өзені жағалауында қаланың ескі көшелерінің бірі ак. Шөкин көшесі, 1-үйде орналасқан.

Ғимарат «Гипроречтранс» москвалық институтының үлгілі жобасы бойынша 1969 ж. ескі жүргіншілер пристанының орнына салынды. Ертіс бойынша жолаушылар пароходтық қатынасы 1880 ж. бастап пайда болды. 1994 ж. вокзал ғимаратына «1926 жылдың 6 маусымында Павлодар пристанына Трансгималай ғылыми экспедициясының қатысушылары Рерих Елена Ивановна, Рерих Николай Константинович, Рерих Юрий Николаевич тоқтаған» деген жазуы бар мемориалдық тақта орнатылды.

XX ғ. екінші жартысындағы архитектуралық ескерткіш, өзен вокзалы ғимараты құрамасы, екі деңгейлі вокзал ғимараты «Чайка» қонақ үйінің 6 қабаттық корпусымен галерея арқылы қосылған. Вокзалдың ортасында тосу залы, оң жақ пен сол жақтарында қосалқы бөлмелер орналасқан.

Вокзал ғимараты қызыл кірпіштен салынып, өзен жағалауы бойына созылып жатыр. Жағадағы кеме тоқтайтын орынға шыға беріс бірінші және екінші деңгейлер арқылы жүзеге асырылған. Аумағынан шығып жауып тұрған жайпақ жабынның, консольдің, сондай-ақ галерея мен үлкен жазықтықтардың арқасында вокзал ғимаратының шыныландырылуы айқын архитектуралық бейне береді.

Әдебиеттер:

Өзен вокзалы // Сарыарқа самалы МаржаныЕртістің Павлодар өңірі / Павлодарское Прииртышье Жемчужина Сарыарки / Pavlodar Priirtshe Is a pefrl of Saryarka. – 2008. – 91 – 92 б.

Павлодар қаласының жағалауы



Павлодар

Ертіс
конақтардың
құрылысы
принципте
терраса –



қаласының жағалауы

өзеннің жағалауы - қала тұрғындары мен ең сүйікті демалыс орындары. Жағалаудың табиғаттық бедерін есепке алып террасық құрылған. Үстіңгі терраса – сквер деңгейі. Басты бұл барлық аллеяларды бір жағажайға

біріктіретін орталық аллея. Төменгі терраса – бұл тікелей жағажай.

Композициялық шешімнің ең басты негізі - орталық кіндіктің басты түсетін жері сквердің орталық кіндігімен бірлескені. Кіндіктің ең соңында көрініс алаңы орналасқан. Орталық түсетін жерге су бұрқақтары мен баспалдақтар орнатылған. Орталық жағалауы қаланың орталық алаңына қосылып бірегей сәулеттік жарасымдықты құрастырады. Осы жоба «Павлодаргражданпроект» институтымен өңделген.

Әдебиеттер:

Павлодар қаласының жағалауы // Сарыарқа самалы Маржаны Ертістің Павлодар өңірі / Павлодарское Прииртышье Жемчужина Сарыарки / Pavlodar Priirtyshe Is a pearl of Saryarka. – 2008. – 74 – 81 б.



16 пәтерлі тұрғын үй

16 пәтерлі үй – 20 ғасырдың 40 жылдарындағы архитектуралық ескерткіші.



Естай көшесі (бұрынғы Бебель көшесі) 38, ак. Марғұлан (бұрынғы Фрунзе көшесі) көшесінің қиылысында орналасқан. Бұл Павлодар қаласының ең бірінші зәулім үйі, 1937 жылы Троицк соборы аумағында 1941 жылы салынған, құрылысқа бірен саран собор кірпіштері пайдаланылған. 1948 жылы бірінші қабатында азық-түлік дүкені ашылды. Жоғалтқан баспалдақтың орнына жапсырма салынған.

20 ғасырдың 40 жылдарының көп қабатты тұрғын үйдің типологиялық үлгісі болып табылады.

Төрт қабатты кірпіштік ғимарат.

Әдебиеттер:

Соколкин, Э.Д. [16 пәтерлі тұрғын үй] // Соколкин, Э.Д. Қаламыздың көшелері / Улицы нашего города. / Э.Д. Соколкин – Павлодар, 2007. – 321 б.

«Шаңырақ» облыстық халық шығармашылығы мен мәдени-сауық қызметі орталығы



Кутузов көшесі, 1

20 ғасырдың екінші жартысының архитектуралық ескерткіші - «Шаңырақ» облыстық халық шығармашылығы мен мәдени-сауық қызметі орталығы (бұрынғы «Теміржол» мәдениет үйі) Кутузов көшесі, 1 және Торайғыров көшесінің сквермен қоршалған қиылысында орналасқан. 1962 жылы 650 орынға арналған Мәденет үйінің типтік жобасымен салынған. Ғимаратта екі көрермен залы, клуб бөлмесі, спортзалы, кітапханасы бар. 1999 жылдан бастап «Шаңырақ» қазақ ұлттық-мәдениет орталығы болып қызмет істеді. 2003 жылдан мұнда бірнеше бөлімнен тұратын - «Шаңырақ» облыстық халық шығармашылығы мен мәдени-сауық қызметі орталығы орналасқан.

Ғимарат 50-ші жылдардың архитектуралық негізіндегі классикалық стилінде салынған. Екі қабатты ғимарат. Ішкі көрінісі гипс жапсырылғымен сәнделген.

Әдебиеттер:

Бөжен, Б. Жыршылық дәстүр жандану керек: [«Шанырақ» халық шығармашылығы және мәдени-сауық қызмет орталығында жыршы-жырау, термешілердің байқауы болып өтті] / Б. Бөжен // Сарыарқа самалы. – 2005. – 30 маусым. – 5 б.

Молдайып, С. Соғыс жылдарындағы әндер: [«Шанырақ» облыстық халық шығармашылық орталығында Ұлы Жеңістің 60 жылдық мерейтойына орай «Ерлерге мәңгілік тағзым» деген атпен ұйымдастырылған музыкалық-поэтикалық байқау өтті] / С. Молдайып // Сарыарқа самалы. – 2005. – 2 сәуір. – 8 б.